

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 тамыздағы N 1154 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 9 қарашадағы N 1497

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жекешелендірілген кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакеттерінің бір бөлігін қор биржасында сату туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 тамыздағы N 1154 P951154_ қаулысының /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 28, 347-бап/ 2 қосымшасына мынадай өзгерту енгізілсін:

мемлекеттік акциялар пакеттері 1995 жылы Орталық Азия қор биржасында сатылуға тиісті акционерлік қоғамдарға айналдырылған кәсіпорындардың тізбесінен "Цемент" АҚ" сөздері алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Цемент" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне сату үшін, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, белгіленген тәртіппен берсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі